

**Бейнеу селосы әкімінің 6 ақпан 2009 жылғы "Жаңа көшелерге есімдер беру туралы" № 38 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігі және Бейнеу селосы әкімінің 2009 жылғы 29 шілдедегі № 329 шешімі. Бейнеу ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 21 тамызда № 11-3-82 тіркелді

1. Бейнеу селосы әкімінің 2009 жылғы 6 ақпандағы № 38 "Жаңа көшелерге есімдер беру туралы" (Нормативтік құқық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 11-3-73 номерімен, "Рауан" газетінің 2009 жылғы 19 наурыздағы 12/1879/ номерінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Шешімнің 1 тармағында:

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"оныншы қатары: Мұрын жырау,".

Шешім мынадай 1-1 тармақпен толықтырылсын,

1-1. Бейнеу селосындағы Қосай Ата көшесі мен С.Бейбарыс көшесін қосатын, бойында "Арна" қонақ үйі орналасқан көшеге Төремұрат есімі берілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10(он) күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Село әкімі:*

*К.Машырыков*